Ш Е Ш І М
Қазақстан Республикасының атынан

2023 жылғы 29 қараша 3115-23-00-2/2487 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Р.К.Ясарова қойылған талап бойынша азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады.

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Байзақ ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«SHANYRAQ QURILIS ZHOBALAU» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2.тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4,223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Байзақ ауданынының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «SHANYRAQ QURILIS ZHOBALAU» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«SHANYRAQ QURILIS ZHOBALAU» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«SHANYRAQ QURILIS ZHOBALAU» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 400 (бір мың төрт жүз) теңге тұрақсыздық айыппұл өндірілсін.

«SHANYRAQ QURILIS ZHOBALAU» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1767 (бір мың жеті жүз алпыс жеті) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья Р.К.Ясарова

Құжатқа қол қойылған: Ясарова Р. К., 29.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 09.01.2024, судья Ясарова Р. К., 09.01.2024

3115-23-3-1/2917